



Тағамға биологиялық белсенді қоспасы «Таблеткалы Эхинацея»

Эхинацея несімен пайдалы?

Эхинацеяның химиялық құрамы өзге өсімдіктер сияқты күрделі болып табылады.

Эхинацея сығындысының құрамында биологиялық белсенді заттар: флавоноидтер, А және С дәрумендері, полисахаридтер, эфир майлары, органикалық қышқылдар көп болады. Эхинацеяның пайдалы қасиеттерінің бар болуының себебі болып табылатын негізгі зат гидроксидаршынды қышқылдар болып табылады.

Гидроксидаршынды қышқылдардың иммунитетті ынталандыратын және қабынуға қарсы әсерлері бар.

Қызылқүрең эхинацеясы сығындысын қабылдау иммундық жүйе жұмысының тұрақты болуына және организмнің қорғану мүмкіндіктерінің күшеюіне алып келеді.

Эхинацея препараттарын дұрыс қабылдау жолы қандай?

- Эхинацея препараттарын алдын ала, суық тигеннен болатын аурулар мен тұмау өз үдемелі кезіне жеткенге дейін қабылдаған жөн. Ауырып қалу немесе жұқтырып алу ықтималдығы иммунитеттің жағдайына байланысты. Ауру тудыратын микроорганизмдердің күзде және қыста жиі орын алатын шабуылдарына тойтарыс беру үшін иммундық жүйе үнемі белсенді күйде болуға тиіс. Сондықтан иммунитетті алдағы жүктемеге суық тигеннен болатын аурулардың маусымдық үдемелі кезінің алдында дайындау орынды болып табылады.

- Қабылдау курсының ұзақтығы – 1 аптадан 4 аптаға дейін. Иммунитетті бір күннің ішінде нығайту мүмкін емес, бірақ организм жұқпалы ауруға шалдығуға дайын болып қалған кезде иммунитетті ынталандыруды жалғастыру да мақсатқа сәйкес емес.

- Эхинацея препараттарын әдетте күніне бірнеше рет қабылдау ұсынылады, себебі гидроксидаршынды қышқылдар ұзақ әсер ете алмайды.

«Эхинацея в таблетках» («Таблеткалы эхинацея») препараты:

- Организмнің гидроксидаршынды қышқылдарға баламалы қажеттілігінің 90-120 % қамтамасыз етеді.

- Қолданылуы ыңғайлы – өзіңізбен бірге жұмысқа, оқуға және т.с.с. алып жүре аласыз.

- Ең төменгі алдын алу курсынан өту үшін 1 қаптамасының өзі жеткілікті (1 апта).

Шығарылу түрі: блистерге және картон қорабына қапталған салмағы 210 мг-дық 25 таблеткалар.

Құрамы: тәттілегіші: сорбит Е420; қызылқүрең эхинацея шөбінің сығындысы; *нығыздалуға қарсы агенттер:* магний стеараты Е470, аморфтық кремний диоксиді Е551; «Қарақат» хош иістендіргіші, тәттілегіші: сукралоза Е955.

Құрамында тәттілегіші бар. Шамадан тыс қабылдаған кезде іш жүргізетін әсер тигізуі мүмкін.

Қолданылу аясы: гидроксидаршынды қышқылдар көзінің тамаққа қосатын биологиялық белсенді қосымшасы ретінде. Қолдану бойынша ұсынымдар: ересек адамдар күніне 3-4 рет 1 таблеткадан тамақпен бірге ішу керек. Қабылдау ұзақтығы 1 аптадан 4 аптаға дейін. Қолданар алдында дәрігермен кеңескеніңіз жөн.

Қарс көрсетілімдер: компоненттерді жеке көтере алмау, жүктілік, бала емізу.

Сақтау жағдайлары: құрғақ, жарықтан қорғалған және балалардың қолы жетпейтін жерде, 25 °С аспайтын температурада сақтау керек.

Сатылуы: дәріхана желілері және мамандандырылған дүкендер, сауда желісі бөлімдері арқылы.

Дәрілік зат болып табылмайды.

Жарамдылық мерзімі: 3 жыл.

4 таблетканың құрамындағы белсенді заттердің мөлшері:

Компоненттің атауы	Мөлшері	Тұтыну деңгейінің %*
Гидроксидаршынды қышқылдар, кем емес	12 мг	120**

МТК 14.03.2014 ж.

№ RU.77.99.11.003.E.002568.03.14

ТШ 9197-002-54863068-14

Өндіруші: «Внешторг Фарма» ЖШҚ, РФ, 105005 Мәскеу қ., Бакунин көшесі, 8-үй, 1-құр, 13-бөлме. Өндіріс мекенжайы: РФ, 601125 Владимир обл., Петушки ауданы, Вольгин ауылы.

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйым: «Pharmaline» ЖШС, 050016 Алматы қ., Шамиева к., 11. Тел.: +7 (727) 338 48 14, +7 (727) 338 48 15.

* - Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) қалатын тауарларға қойылатын бірыңғай санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың «Тазалық өлшемдерінің ережелері» және тағамдық қауіпсіздік талаптарының «Жағары рұқсат етілген тұтыну деңгейінен аспайды».

Өнім бойынша барлық құқықтар «Внешторг Фарма» ЖШҚ тиесілі.